




1996 жылдың 22 наурызынан бастап шығады

Издаётся с 22 марта 1996 года

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
Северо-Казакхстанский государственный университет им. М. Козыбаева  
North Kazakhstan state university named after M. Kozymbayev



**Мағжан Жұмабаевқа -  
125 жыл!**



**Мағжану Жумабаеву -  
125 лет!**

**Құрметті әріптестер!  
Қадірменді қонақтар!**

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы білім мен мәдениеттің серпіліспен дамуына жол ашты. Елбасы осы сындарлы бағдарламасында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген еді. Олай болса, Мағжандай дананың мұрасы дұрыс жолдың бастау қайнарының бірі дер едім.

Бүгін, біз бүгін Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық конференцияда бас қосып отырмыз. Құрметті қонақтар, қадірменді жерлестер конференцияға қош келдіңіздер демекпін. Кезінде, атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытов Мағжанның ақындығы туралы «Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады» десе, ғұлама Мұхтар Әуезов «Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқаміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп баға берген екен. Мағжан Жұмабаевтың мұрасы біздің ұлттық байлығымыз. Сол құндылықты сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Ендеше, еліміздің мақтанышы Мағжандай тұлғаға арналған халықаралық конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

**Құрметпен,  
М. Қозыбаев атындағы СКМУ ректоры,  
экономика ғылымдарының докторы, профессор  
Серік Мәуленұлы ӨМІРБАЕВ**

## Мағжан Жұмабаевқа - 125 жыл!

**Құрметті конференцияға қатысушылар!  
Қымбатты қонақтар!**

Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған «Мағжан Жұмабаевтың мұрасы және руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Ел Тәуелсіздігінің тарихы Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып, Сәкен, Ілияс, Бейімбет сияқты қазақтың арыстарының тағдырымен сабақтас, олар – біздің ұлы тарихымыздың ажырамас бөлігі. Қазақтың маңдайына біткен ұлдарын құрметтеу – біздің парызымыз.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында Анкара қаласында ТҮРКСОЙ штаб-пәтерінде «Мағжан Жұмабаев жылының» ашылу салтанаты, сәуірдің 30 күні Парижде «Рухани жаңғыру және мәдени мұра: өткеннен келешекке түркі тілі» атты халықаралық форумы өтті.

Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығын мерекелеубүгінде



ақын туған өлкеде жалғасын тауып отыр.

Ұлттық рухани-мәдени құндылықтар қатарында Мағжантану ілімінің бағасы аса жоғары. Қазақ әдебиетінің сарқылмас қазынасына айналған ұлы суреткердің шығармашылығын көптеген ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер, оқулықтар жазды.

Бүгінгі іс-шарада әлемге белгілі зерттеушілердің бас қосуы біз үшін үлкен абырой.

Қазақтың маңдайына біткен шолпан жұлдызы Мағжан Жұма-

күншығыстың арқалы ақыны ретінде сезініп, күллі адамзатты парасат пен ізгілікке, бауырмалдық пен сұлулыққа үндеген асыл жырын болашаққа арнады.

Көреген ақын Мағжан Жұмабаев сенген, темірқазық еткен Түркістан идеясы интеграциялық дәуірде өмір сүріп отырған қазіргі тәуелсіз түркі елдері үшін де ХХІ ғасырда да маңызды болып, рухани нәр береді.

Халықаралық Түркі академиясы мерейтойға орай Мағжанның таңдамалы жырларын өзбек, қырғыз, ағылшын тіліне аударып, жеке-жеке кітап етіп бастырды. Сонымен қатар түркі халықтарының сегіз тіліне аударылған жыр жинағы да жарық көрді. Алдағы күндерде бұл ауқымды жоба тиянақты жалғаса береді.

Халықаралық Түркі академиясы тарапынан ақын шығармашылығы әлемнің әйгілі түрколог ғалымдары мен қайраткерлерінің қатысуымен Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде және түркі тілді елдердің астаналарында ұлықталып, заман талабына сай мазмұнды шаралар

баевтың рухына қандай құрмет көрсетілсе де лайықты. Жыл сайын облысымызда ақын шығармашылығына арналған байқаулар, ғылыми конференциялар ұйымдастырылады. Жерлес ақын-жазушылардың бастама-сымен жыр жинақтары басылып, халқымыздың рухани қазынасына айналды.

Бұл бағыттағы игі істер алдағы уақытта да жалғасатын болады.

**Құрметті қауым!**

Ұлы тұлға Мағжан Жұмабаевтың Есіл өңірінің киелі топырағында дүниеге келуі зор мақтаныш. Оның артында қалған асыл мұрасы халықпен бірге жасамақ.

Ақын рухына арналған бүгінгі конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін.

**Құмар АҚСАҚАЛОВ,  
Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі**



Түгел түркінің азаттығы мен тұтастығын меруерт жырына қосқан алаштың алдаспан ақыны Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдық мерейтойы биылғы жылы түркі дүниесінің шартарабында салтанатпен аталып өтуде.

Классик ақын Мағжанды тудырған дүбірлі заман жер жүзін қамтыған ұлт азаттық қозғалыстың қайта ояну, дәуіріне тап келіп, ол өзін тек түгел түркінің баласы ғана емес, тұтас

атқарылады.

Халықаралық Түркі академиясы бүгінгі алқалы жиынға Мағжан жырын өзбек тіліне аударған Қарақалпақ-станның халық ақыны Музаффар Ахмад, қырғыз тіліне аударған Қырғызстанның халық ақыны, Қырғызстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақбар Рысқұлов дайындаған жинақты, сонымен бірге 1923 жылы Ташкентте шығарған ақын жинағының толық ғылыми нұсқасын баспадан шығарып арнайы әкелді.

Арқалы ақынның торқалы топырағында өтіп жатқан «Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік руханият» атты ғылыми конференцияның жұмысы толайым табысты болып, ғалымдардың кемел ой, келісті пікірлерінің бұр жаруына тілектестігімді білдіремін. Алаштың алдаспаны Мағжан ақынның отты жырлары барша ұрпақты жебей берсін.

**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,  
Халықаралық түркі  
академиясының президенті**

## Мағжану Жұмабаеву - 125 лет

### Біздің Мағжан!

**Құрметті әріптестер!  
Қадірменді қонақтар!  
Елдің болашағы  
жастар!**

Қазақстан Республикасының Президенті, аса мәртебелі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – Қазақ Елінің барлық салада сапалы жаңаруының негізгі тірегіне айналды. Елбасының осы бағдарламалық мақаласының төртінші бөлімі «Білімнің салтанат құруы» деп аталады. Онда, білім саласында қызмет істеп жатқан біздерге тікелей қатысы бар, аса маңызды мынадай терең таным-ойлар бар. Онда Елбасы: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы



шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» терең ой айтқан.

Білім мен мәдениет – егіз. Біз бүгін, осы білім ордасында Сіздермен ерекше маңызды ғылыми-мәдени шара, алаштың көрнекті қайраткері, атақты ақын, қазақ әдебиетінің классигі, түрік дүниесінің мақтанышы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік

руханият» атты халықаралық конференцияда бас қосып отырмыз. Конференцияға қош келдіңіздер. Бұл да мәдениеті-міздің жаңғыруының, ұлттық кодты сақтап, еліміздің алға дамуының айрықша көрінісі болып табылады.

Кезінде, академик Әлкей Марғұлан «Ағылшын халқына Шекспирдің, орыс халқына Пушкиннің қадірі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың қадірі де сондай деген» екен. Ендеше Еліміздің мақтанышы Мағжандай тұлғаға арналған халықаралық конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

**Ерлан САҒАДИЕВ,  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**



#### **Құрметті оқырмандар!**

Биыл қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы - Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Бұл еліміздің тарихындағы аса маңызды оқиға. «Парасат» газетінің редакциясы барлық оқырмандарды айтулы датамен құттықтап, осы шығарылымын жерлес-ақынның мерейтойына арнайды.

#### **Уважаемые читатели!**

125-летие со дня рождения выдающегося классика казахской литературы Мағжана Жұмабаева - значимое событие в истории нашей страны. Редакция газеты «Парасат» поздравляет своих дорогих читателей с этой датой и посвящает данный выпуск юбилею нашего земляка.

## Мағжан Жұмабаевқа - 125 жыл!

### Мағжан поэзиясының символикалық көркемдігі



**Мағжан поэзиясының көркемдігі мен сұлулығы сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманың тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатын иелендіріп, өзіне тәнті еткен.**

Атын атауға жасқанып бұқпан-тайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың сундай нәрлі поэзия жасырын оқыған талай жүректі өзіне баурап өзгеше күйге бөлегені шыңдық. Мағжан поэзиясының осынау құдырет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жасырын болса да жазып та, айтып та кеткен. Мысалдап сөйлеу, ойын астарлап, бірдемеге меңзеп, тұспалдап айту қазақтағы шешендік ділмарлық өнердің ежелден келе жатқан кәнігі тәсілін шебер қолдана білген. Мағжан қазақтың шешендік өнерін әлем әдебиетіндегі озық үлгілермен толықтырып, жетілдіріп, жаңа әдеби тәсілдерді енгізді. XX-шы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стишмен дараланған. Мағжан поэзиясының символикалық көркемдігі ерекше жоғары деңгейде болды. Символизм күш ала келе әдеби стиль ғана емес, қоғамда өзгерістер жасайтын саяси қару, экономикасы туралап жатқан елдердің, ішкі ынтымағын ыдыратып, төңкеріліс жасап, басып алу мақсатындағы соғыс тәсіліне де айналады. Ол мақсаттарды іске асыру үшін мағынасыз қимыл мен жекелеген сөздерді пайдалану арқылы, санаға әсер етіп, адамдардың ашу-

ызасын қоздырып, қытығына тиген. Сондай-ақ символизм қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктермен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластаудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенде, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұдан символизмнің үлкен күрделі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайда қоғамдық билікпен тікелей байланысты болғандығына дәлел. Себебі ашық айтылған ой бақылауға

алынып қудаланса, баспасөзде жазылған пікірлерді цензура жібермеді. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды түйыққа тірейтін, абстрактілі, философиялық шығармалар пайда болды. Ол бастапқыда поэзияға көрініс берсе, кенін прозаға ауысты. Мағжанның символикалық тәсілі екі арнада қалыптасты. Өз замандастарынан тума таланты мен білім деңгейі жағынан, жарты ғасыр алға жылжып кеткендіктен, оның сырға толы астарлы ойларын түсінуге төңірегіндегі шалас ауаттылар қауқарсыз болды. Мағжанның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ояну дәуірімен тұстас келгендіктен, ұлтының көне тарихын тірілту арқылы ұлттық сапасына қозғау салуға ұмтылды.

Екіншісі, әлем әдебиетінің озық тәсіл-дерімен салыс-тыра отырып, қазақ әдебиетін жанрлық және көркемдік жағынан байытты ұлттық тарихы-мызға назар аударсақ, қазақ символизмінің алғашқы бастауы тау

шат-қалдарындағы қашап салынған суреттерден басталған. Ата бабаларымыз дүние танымдарын аңдардың, құстардың образында бейнелеп отырған. Бұл сол кездегі ата-бабаларымыздың ойларын суреттермен образдап айта білгендігін дәлелдейді. Демек, қазақ даласындағы тасқа қашап жазылған суреттер образды ойлау адам жаратылысымен бірге келе жатқандығын дәлелдейді. Мысалы жартастағы суреттер. Ойды символдап айту, символдан беру тәсілі қазақ топырағына жат болмаған. Символист ақындар ақсүйектер әдебиетінің өкілдеріне жатады. Ендеше ойды бейнелеп айту тәсілі, этногенетикалық қанымызбен қабысып, көнеден келе жатқан дәстүр.

Мағжан ойды бейнелеп айтатын генетикалық көне дәстүрді, поэзиясында ойларын образды бейнелеу үшін пайдаланған. Сөйтіп оқырманың сезімін басып, көңіл күйіне ықпал етіп, ойын толқытқан. Сол кездегі қоғамдық қысым оның символикалық шеберлігін шындап, бейнешіл ақын болып қалыптасуына



септігін тигізді. М. Жұмабаев поэзиясы қазақ поэзиясындағы ерен құбылыс. Міне осылай халықтың әлеуметтік тұрмысымен байланыстырған қазақ әдебиетінде символизм мектебінің іргетасын қалады. М. Жұмабаев мұрасын халық қолына жеткізу алдағы күннің ісі.

**Күләйхан РАХМЕТ,**  
“Журналистика” мамандығының  
2-курс магистранты

## Магжану Жумабаеву - 125 лет!

### С именем твоим, Магжан...

Имя нашего земляка Магжана Жумабаева знает каждый казахстанец от мала до велика, со школьной скамьи, ученики знакомятся со стихотворениями Магжана, а профессиональные педагоги изучают жизнь и наследие поэта и писателя, занимаются популяризацией его творчества. А каким видят образ М. Жумабаева современные педагоги, какие произведения знают, любят и берут за жизненный ориентир для обучающихся, на эти и другие вопросы мы попытались найти ответы.

Магжан Жумабаев (1893-1938) - выдающийся казахский поэт, прозаик, переводчик и педагог, стоявший у истоков педагогической науки в Казахстане.

Валерий Брюсов назвал Жумабаева казахским Пушкиным, тем самым подчеркнув огромную роль, которую поэт сыграл в развитии поэзии.

Родился М. Жумабаев родился на территории бывшего Булаевского района (ныне район им. М. Жумабаева) Северо-Казахстанской области в богатой семье. Начальное мусульманское образование получил в ауле, затем закончил медресе в г. Уфе. Отец мечтал, что сын станет богословом, но Магжан твердо решил посвятить себя педагогической деятельности и поступил в Омскую учительскую семинарию. За самовольство ислушание Магжан был лишен материальной поддержки.

Стихотворение М. Жумабаева посвящено патриотам, защитникам Родины, которые на протяжении веков ценой собственной жизни отстаивали честь и независимость родного края. По духу, по содержанию оно интернационально и вне времени.

Его называли киргизским (казахским) Пушкиным, сравнивали с Байроном и Шекспиром, говорили, что внешне он чем-то похож на Сергея Есенина - то ли волнами вьющихся волос, только не русых, а чёрных, как смоль, то ли открытой искренностью в глазах.

Вряд ли есть смысл сравнивать с кем-либо истинно национального поэта, Магжана Жумабаева, ибо его талант уникален по своей природе и сути.

Уникальность творчества Магжана в том, что по произведениям поэта можно изучать историю казахского народа. Стихи, поэмы, проза, знаменитая «Педагогика» служат превосходным материалом для создания образа и представления у школьников той или иной эпохи из жизни Казахстана.

\*\*\*

*«Зовет мечта, и мы ей не чужды,  
И мы с мечтой своей умеем жить,  
Ведь лучшее с мечтою создается,  
Вот почему мечте мечтатели  
нужны»...*

*И вот она опять встает, мечта —  
Мерилом наших душ и нашей  
честности!...*

*Как глуп и туп человек на земле,  
Если думал он заточить мечту!*

Создать образ борца за светлое будущее народа поможет замечательное стихотворение «Мое желание».

М. Жумабаев, видя тяжелое положение своего народа, предлагает путь выхода из этого состояния, как и великий Абай, — образование. Что нашло отражение в стихотворении «Всеми миру».

Но Магжан звал свой народ не только к просвещению, свободе, но и к раскрепощению женщин. Никто так верно не показал горестное положение беззащитной казашки в дореволюционном ауле, как наш земляк, в своих произведениях: «Беззащитная», «Женщина», «Молодая невеста», а так же в рассказе «Грех Шолпан». Если Абай устами пушкинской Татьяны впервые дал возможность девушке-казашке говорить о своих переживаниях, то Магжан языком прозы сумел донести до нас глубокие психологические переживания Шолпан. Для Магжана нет ничего выше и достойнее любви...

Еще один путь внедрения наследия Магжана в проведении творческих уроков, посвященных поэту.

Возможно использование исторических поэм М. Жумабаева,



таких как «Кобыз Койлыбая», «Коркыт», «Батыр Баян», «Жусыпхан». В большой поэме «Батыр Баян» поэт реалистично представил героические подвиги казахов, защищавших свои земли от нашествия джунгар в XVIII веке. Творчество М. Жумабаева занимает достойное место при изучении темы «Нации и межнациональные отношения» ставим проблемный вопрос: «Каково место языка в жизни человека и нации?». Среди приводимых высказываний о языке предлагаем поразмышлять и над словами Магжана. «Язык — переводчик души. Если язык дорог для одного человека, то для нации еще дороже. Нация, которая не имеет своего языка, которая потеряла язык, не может быть нацией. Первый признак, определяющий нацию — это национальный язык. В национальном языке, как в зеркале, отражаются местность, история, быт и нравы нации. В казахском языке отражены то тихая, безветренная ночь, то ураганная желтая степь, длительные перекочевки с места на место, медлительный и спокойный характер народа. Как широка степь, так широк и богат казахский язык». Творчество Магжана — всеохватывающая высокая поэзия смелой, гордой личности, устремленной постоянно ввысь; поэзия, достигшая уровня поэтической мысли и культуры мировой литературы. XX века. Что позволяет использовать творчество нашего земляка в качестве книги по истории и жизни казахского народа.

**Татьяна МОРОЗОВА,**  
старший преподаватель  
кафедры «Журналистика»

## В курсе событий

### В новом формате



**1-го июня свою работу начала приемная комиссия нашего университета. В этом году она функционирует в новом формате.**

В целях создания более благоприятных условий для поступающих в наш вуз, работа приемной комиссии выстроена по принципу «одного окна». Функционирует электронная очередь, действует зал ожидания, где размещены стенды со всей информацией, необходимой для поступления в наш университет.

Также удобно расположены столы операторов по принципу ЦОНа. Технические секретари обзавелись униформой – брендовой одеждой нашего вуза.

Каждый может протестировать новую систему приемной комиссии. Необходимо всего лишь выбрать необходимую специальность, получить талон электронной очереди и занять место в зале ожидания. Затем, когда вы услышите и увидите свой номер, вам следует пройти к

тому окну, которое будет выведено на экран.

Также для удобства абитуриентов введено еще одно новшество – прием заявлений для поступления в онлайн-режиме. То есть, каждый желающий из любой точки нашей страны, не выходя из своего дома, может подать заявление на поступление. Абитуриенту остается только прийти в приемную комиссию и сдать необходимые документы. Если весь этот процесс раньше занимал не менее получаса, то сейчас – порядка 10-15 минут.

Стоит отметить, что изменились и подходы к самой профориентационной работе. Делегация нашего университета во главе с ректором СКГУ С.М. Омирбаевым объехала все районы СКО, где провели встречи с выпускниками школ и колледжей. Заключены меморандумы о сотрудничестве со всеми районными акиматами. Во время выездов все абитуриенты заполнили анкеты, в

которых они указали свои номера телефонов, страницы в соцсетях. На основании данных анкет мы сформировали базу данных. Это значит, что приемная комиссия сможет связаться с каждым абитуриентом. В этих целях открыт колл-центр. Его номер 8- (7152)35-00-07. Любой желающий может позвонить и узнать всю интересующую его информацию о возможностях поступления в СКГУ. Если абитуриент сомневается в выборе – оператор предоставляет ему перечень наших специальностей, консультирует по различным вопросам.

Стоит отметить, что наш университет готовит бакалавров по 50 образовательным программам.

Новый формат работы приемной комиссии поможет сэкономить время и получить необходимую информацию о выбранной специальности.

**Богдан ПЕТРОВ,**  
редактор медиацентра

### Серік Негимовтың мерейтойы

Университетімізде көрнекті филолог, жерлесіміз Серік Негимовтың 70 жылдығына арналған «Фольклорлы зерттеулер мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Серік Негимов 1948 жылы 13 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысының Шокан Уәлиханов ауданындағы Чапай ауылында дүниеге келді. Ол халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Ол өзінің туған күні Солтүстік Қазақстанда атап өтіліп жатқанына өте қуанышты. Өйткені, біздің облыс қазақтың

танымал ақындары Сабит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаевтың елі.

Профессордың 400-ден астам ғылыми, әдеби және сыни мақалалары бар. Оның зерттеулері халық ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған. Оқу барысында ол фольклорлық және тарихи оқиғаларды байланыстырған. Өмір бойы жерлесіміз білім жинап қана қоймай, филологтар мен тарихшылардың көпшілігін тәрбиелеген.

Аталмыш іс-шараға бүкіл Қазақстанның танымал ғалымдары, студенттер мен туған күн иесінің ізба-

сарлары жиналды. Олардың бірі – М. Қозыбаев атындағы СКМУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, Жанбай Қадыров.

Бұл күні мерейтойға арналған көптеген сөздер айтылып, туған күн иесіне сыйлық ретінде «М.Қозыбаев атындағы СКМУ-дың құрметті профессоры» деген атақ берілді. Серік Негимовтың мерекесіне оның достары, әріптестері және 200-ден астам адам келді.

**Ақерке ЖИЕНБАЕВА,**  
«Журналистика» мамандығының  
3-курс студенті

## Спорт-тайм

### И в журналистике, и в спорте!

16 июня в лагере «Достық» близ г. Петропавловска состоялась традиционная спартакиада среди работников средств массовой информации СКО, посвящённая предстоящему профессиональному празднику журналистов. Состязания проводились по 7 видам спорта.

В соревнованиях приняли участие 10 команд: телеканалы «МТРК», «QYZYLJAR» «Первый Северный», газета «Солтүстік Қазақстан» и т.д. Не остались в стороне и журналисты СКГУ. Студенты и преподаватели кафедры «Журналистика», а также



сотрудники медиацентра университета, объединившись в сборную, показали достойные результаты в следующих видах: 1 место - волейбол, 2 место - футбол и дартс, 3 место - настольный теннис, 1 и 3 места -

тоғызқумалақ, В итоге, наши спортсмены уверенно заняли 3-е общекомандное место! Им в подарок - кубок и денежная премия 50 тысяч тенге!

Такой результат в ежегодной спартакиаде СМИ сборная вуза показала впервые. Как отмечают сами спортсмены, он был достигнут благодаря дружной и слаженной работе, а также поддержке болельщиков!

*Коллектив медиацентра  
СКГУ им. М. Козыбаева*

### Оқытушылар шағын футболда бақ сынады

Маусымның 7 мен 8 күндері аралығында М.Козыбаев атындағы СКМУ-де профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлері мини-футбол ойынында бақ сынады. Аталмыш спорт түріне университеттің барлық факультеттері 5 командаға бөлініп жарысқа түсті.

Екі күнге созылған жарыс қатысушылардың спорттық ойындарға деген қызығушылығын арттырды. Ойынның алғашқы күнінен қатысушылардың қызу дайындықпен келгендігі байқалды. Қарсылас командалар 2 күн бойы керемет ойын көрсетті.

Жарыс нәтижесі бойынша, бас бәйгені университеттің қауіпсіздік қызметінің құрамасы қанжығалады. Екінші орын бірінші ректорат құрамасының бағына шешілсе, үшінші орын екінші ректорат құрамасының қоржынына ілінді. Жеңімпаздарға марапаттау қағаздары мен кубок табыс етілді.



*Ақнар ҚАЗЕЗОВА,  
медиаорталық тілшісі*

### Challenge “Другой ты”



Преподаватели и студенты нашего вуза дружно поддержали республиканскую спортивную инициативу «Другой ты!».

С 6 по 22 июня они регулярно выполняют физические упражнения на открытых тренировках. Организатором «массовых зарядок» в нашем

университете выступил спортивный клуб «Сұңқар».

Несложные упражнения под веселую музыку не только помогают поддерживать тонус мышц, но и поднимают настроение всем участникам зарядки. Своим ярким примером студенты и преподаватели мотивируют коллег приобщаться к здоровому образу жизни, спорту и личному росту. 90% счастья человека составляет здоровье. Об этом помнят и в университете. СКГУ имени М. Козыбаева - это сплоченная команда энтузиастов, а потому спортивной инициативой будут охвачены все кафедры и факультеты.

*Екатерина ВОЛЬДАНОВА,  
редактор медиацентра*

## Спорт и здоровье

### Күш сынастырған ойын



**Білім ордамызда «Сергектік және денсаулық» спартакиадасы аясында университеттің профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арқан тартысудан сынға түсті. Олар бірнеше командаға бөлініп, өз факультеттерінің намысын қорғады.**

Жарыстың мақсаты – профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің салауатты өмір салтын сақтауын насихаттау және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-де арқан тартыс ойынын дамыту, әрі танымал ету.

Арқан тартысу жарысының

қорытындысы бойынша 1 орынды педагогикалық факультетінің құрамасы қоржындады. Жалпы жарыс нәтижесінде жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздарға ақшалай сыйлық берілді.

**Ақнар ҚАЗЕЗОВА,**  
медиаорталық тілшісі

### Өзіңді кенеден сақта!

Табиғат қысқы ұйқысынан ояғанда әртүрлі жұқпалы аурулар тарататын жәндіктердің де белсенділігі арта түседі. Солардың бірі – кене. Кененің шағуы арқылы берілетін жұқпалы аурулар басым жағдайда жыл мезгілінің көктем, жаз айларына келеді. Негізінен ауылдық жерден тұрғындар ауыратын болса, қала тұрғындарының мал ұстайтын не саяжайда демалатындары да аталмыш аурумен науқастануы мүмкін.

Аурудың негізгі белгілері: кененің шаққан жерінің ісініп ауыруы, іріңдеуі; кене шаққан жердің маңындағы лимфа түйіндерінің үлкейіп ауыруы; дене қызуының көтеріліп, адам ағзасында жалпы улану белгілерінің пайда болып, күшейе түсуі, (бас ауруы, әлсіздік, енжарлық,

тәбетінің төмендеуі т.б.)

Денеге жабысқан кенені өз бетінше жұлып алатын болсаңыз, келесі ережелерді сақтауыңыз қажет: кене жабысқан жерге сұйық май тамызып, шымшымамен абайлап кенені тұмсық тұсынан қысып шайқап отырып ырғып алу керек. Жұлып алған жағдайда кененің тұмсығы тері астында қалып қояды. Соның салдарынан жергілікті жер іріндеп, қабыну пайда болып, қолайсыз жағдайлар туғызады; кененің шыққан орнын міндетті түрде йодпен залалсыздандыру қажет; тез арада дәрігерге көріну керек.

Кененің шағуы неге қауіпті? Кейбір кенелердің ағзасында қауіпті жұқпалы аурулар тарататын вирустар өмір бойы сақталады. Осы вирустардың кене

обязательно расчесать волосы мелкой расческой.

Даже если клещ кого-то укусил – это еще вовсе не значит, что человек заболеет энцефалитом. Человек заболевает от клещей, которые сами являются зараженными энцефалитом. Прежде всего клеща надо вытащить. Имейте в виду, что чем дольше клещ сидит, тем труднее его вытащить, - еще один аргумент в пользу регулярных осмотров. Ни в коем случае не дергайте его самостоятельно, так как вы можете оторвать тело от головы (голова может существовать без тела).

Классический способ извлечения, если нет под рукой пинцета, - охватить клеща нитяной петлей и залить его каким-либо растительным маслом, вазелином так, чтобы клещ

аркылы адам ағзасына енуі салдарынан өте қатерлі ауру қырым геморрагиялық безгегі немесе халық көкала атаған ауру дамиды.

Ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан мерт болуы да мүмкін. Осындай асқынуларға жол бермес үшін келесі ережелерді сақтаған жөн: табиғат аясында, саяжайда дем алған сәттерде кенеден сақтану, яғни денені тым жалаңаштай бермеу; кене малдың үстінде болатындығын ескере отырып, малды күту барысында сақтық ережелерді бұлжытпай орындау. Малдағы кенені жалаңаш қолмен жұлуға болмайды; кене шаққан жағдайда, не болмаса жоғарыда келтірілген ауру белгілері пайда болғанда кешікпей дәрігерге көріну қажет.

был полностью закрыт. Через несколько минут начать периодические потягивания за нитку. Если все делать правильно и не торопясь, клещ постепенно извлечется из кожи. Место укуса смазать зеленкой или йодом или другим спиртосодержащим составом. Если извлечь клеща самостоятельно не получилось, необходимо обратиться в медицинское учреждение, где врачи окажут медицинскую помощь. Извлеченного клеща необходимо поместить в закрытую емкость и как можно скорее доставить в медицинское учреждение, где специалисты определят его отношение к энцефалитному, проведут осмотр места укуса, состояния вашего здоровья.

**Салтанат САКТАГАНОВА,**  
зав. здравпунктом СКГУ

Вот и пришел теплый сезон - пора не только отдыхать на природе, но и активности клещей. Как защитить себя от них, что делать при укусе, и другие моменты, касающиеся этих неприятных представителей фауны: не рекомендуется без особой необходимости заходить в непроходимые чащи низкорослого кустарника; перемещаясь по лесной дороге, не срывайте веток (этим действием вы стряхиваете на себя с основного куста клещей); ноги должны быть полностью прикрыты; спортивные штаны, трико должны быть направлены в носки; обязательно наличие головного убора; длинные волосы желательно спрятать под головной убор; после похода на природу необходимо проверить как верхнюю одежду, так и нижнее белье; осмотреть все тело;

## Профориентация

### Нужные специалисты – менеджеры и экономисты!

В настоящее время экономические отношения пронизали все сферы человеческих отношений на уровне предприятий, домашних хозяйств и отдельной личности. Любое разумное действие человека в своей основе держится на экономических расчетах и обоснованиях. И если отдельный человек хочет сформироваться как личность и приносить пользу себе, своим близким и обществу в целом, то без элементарного владения экономическими знаниями сделать это довольно сложно. Не имея теоретической подготовки, он будет вынужден постигать законы экономики путем «проб и ошибок», что в народе называется путем «набивания шишек» на лбу.

Чтобы быстрее достичь желаемых результатов в бизнесе и карьере, необходимые знания можно получить, получив образование экономиста или государственного служащего. Интересны эти специальности и тем, что они в своей основе содержат творческий подход. То есть, вы научитесь создавать новые экономические ситуации, правильно управлять их внедрением и развитием.

Вам нужно стать экономистом, если вы хотите:

1. Знать основные экономические законы, позволяющие формировать богатство и правильно их применять для собственной выгоды.

2. Научиться выработке правильных экономических решений, позволяющих наиболее эффективно использовать денежные, материальные и трудовые ресурсы для получения максимальной выгоды

3. Уметь правильно разбираться в сложившихся условиях экономической среды чтобы не только использовать имеющиеся возможности, но правильно предвидеть ход дальнейшего развития экономики. Строить свою работу на опережение.

4. Знать и правильно приме-

нять все инструменты при помощи которых формируется правильные экономические отношения, такие как заключение договоров, изучение рынка, разработка бизнес-планов и т.д.

5. Выработать у себя правильное отношение к рискам и научиться управлять ими.

6. Научиться основным элементам организации производственной и экономической деятельности как на предприятии в коллективе так и самому, в плане самоорганизации и самоменеджмента чтобы стать успешной личностью.

Конечно, все это знать не только интересно, но нужно каждому. Однако возникает вопрос, как приобретенные знания могут пригодиться в дальнейшем, после получения диплома? Большая часть выпускников представляют себя в качестве наемных работников в частных или государственных структурах. В Казахстане свыше 92 тысяч государственных служащих. Для восполнения кадрового состава требуется ежегодно 2,3 тысячи молодых специалистов по специальности «Государственное и местное управление».

На начало 2017 года в СКО зарегистрировано более 28 тысяч действующих субъектов малого и среднего бизнеса, в том числе 4,3 тысячи предприятий и организаций, 2,7 тысяч крестьянских хозяйств и 21,6 тысяч индивидуальных предпринимателей. Эти структуры вместе с домашними хозяйствами составляют экономическую среду где создается все богатство страны, а следовательно и богатство каждого гражданина РК.

Для восполнения кадровой потребности с учетом выхода на пенсию, только для юридических лиц области ежегодно требуется свыше 90 специалистов. Но экономисты нужны и государственным учреждениям, индивидуальным предприни-

мателям, крестьянским хозяйствам, да и просто для формирования грамотных предпринимателей способных к самоорганизации.

Экономические знания позволят не только найти достойную работу, но и самому создать рабочее место для себя и других. Имеется в виду занятие бизнесом. В университете Вы получите знания по предпринимательству, бизнес-планированию, управлению рисками, финансами, производством и трудовыми ресурсами. Кроме того, со студентами СКГУ постоянно проводят занятия специалисты фонда поддержки предпринимательства «Даму» и Палаты предпринимательства.

Выбрав эти специальности вы приобретете квалификацию бакалавра экономики и бизнеса. Это значит, что специалист с данным дипломом не только может отлично разбираться в сути происходящих экономических явлений, но и правильно их использовать с целью получения прибыли, произведенной продукции, или выполненных услуг,

Вы будете уметь правильно ориентироваться в ценовой политике, знать что такое диверсификация, «упущенная выгода», синергетический эффект, финансовый леверинж и другие термины, которые сейчас у всех на слуху.

Получите навыки самоорганизации, позволяющие вам не только найти выгодное с экономической и карьерной точки зрения рабочее место, но и самому его создать для себя и других.

Экономистами и менеджерами становятся не из-за того, что хотят меньше работать, а потому, что хотят получать максимально возможную пользу от своего труда.

**Виктор СИВОЛАП,**  
профессор кафедры  
«Экономика и учет»

### Финансовое образование – залог будущего успеха!

СКГУ им. М. Козыбаева осуществляет подготовку бакалавриата по специальности 5В050900 «Финансы» с 2002 года на государственном и русском языках, по очной и заочной формам обучения на базе общего среднего образования, профессионального средне-специального и второго высшего образования. Студенты имеют возможность обучаться по специализациям «Банковское дело», «Налоги и налогообложение», «Финансовый менеджмент»

Уникальность образовательной программы 5В050900 «Финансы»:

- широкое фундаментальное образование;

- принцип единства образовательного и научного процесса;

- развитие практических навыков и компетенций, необходимых для профессионального успеха в рамках дуальной системы обучения;

- инновационная модель обучения;

- ориентация на подготовку специалистов для отраслей, имеющих приоритетное значение для развития Республики и региона.

Абитуриенты, ждём Вас в СКГУ им. М. Козыбаева в новом 2018-2019 учебном году! Финансовое образование - залог будущего успеха!

**Коллектив кафедры**  
«Финансы и менеджмент»  
факультета истории,  
экономики и права

## Студенттердің шығармашылығы

### С КВНа на банкет!

Героем нашей публикации стал бывший студент специальности «Машиностроение» инженерно-технического факультета Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева Азат Абдрахманов.

Парень после окончания вуза решил попробовать себя в роли ведущего мероприятия. Сейчас ему 24 года. Несмотря на столь юный возраст, Азат уже взял в ученики студента 1 курса кафедры «Журналистика» Бахтияра Касеинова, и обучает его всему, что умеет сам. Наш герой родился в г. Петропавловске. В 2011 году окончил среднюю школу №10 им. Н.К. Крупской. В детские годы наш герой был скромным и тихим парнем, но когда поступил в университет, понял, что пора попробовать что-то новое, и создал собственную команду «ФЭМИЛИ» для игры в КВН. Прошел всего 1 год и сборная уже занимает призовые места: например, в 2012 году они стали серебряными призерами в г. Кургане, а в 2013 году становятся чемпионами Университетского КВН. Год спустя команда прошла в четверть финала Национальной лиги в г. Астане. В 2015 году наш герой уходит из команды «ФЭМИЛИ» в связи с окончанием обучения. Как рассказал нам Азат, их команда была одной из сильнейших в области, и благодаря ей он поборол боязнь сцены. Герой публикации поясняет: для того, чтобы преодолеть свои страхи нужно смотреть им в лицо. Кстати, в игре КВН могут раскрыться таланты не только комика, но и актера. Азат делает очень качественный юмор, а главное -

это нравится людям! Жаль, что в газете нельзя разместить видео – зрелище, действительно, завораживающее! Сейчас парень стал очень востребованным ведущим не только в нашем городе, но и за его пределами. Азат специализируется не только на свадебных мероприятиях, но и благотворительных вечерах, тимбилдингах, корпоративах. Наш герой дарит отличное настроение и помогает сделать праздник запоминающимся на долгие годы. Этому мастерству Азата обучил один из известных ведущих нашей области Закиржан Мамлютов, который является основателем event-агентства «Legenda», куда он и пригласил к себе работать нашего героя и научил его всему: как разговаривать и общаться с гостями, а также всем традициям разных национальностей. Азат настолько известен, что с ним в день по 300 раз здороваются разные люди.

Я уверен, что герой нашей публикации станет топовым ведущим не только Казахстана, но и всего СНГ. Так пожелаем ему удачи и новых побед!

**Бахтияр КАСЕИНОВ,**  
студент группы Ж-17



### Мамандық дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті!

Жақсы мамандықты таңдау үшін осы адам не үшін керек екендігін біліп алу керек, болашақ жұмыс жайлы толық түсінік алу үшін «мамандық иесі не істейді?», «Оның қызметінің нәтижесі неге алып келеді?», «Маман иесі қандай жағдайда жұмыс істейді?», деген сұрақтарға жауап табу керек.

Кәсіби қызметінің нәтижесі – кез келген жұмыстың негізі. Біздің арманымызға жетуге мүмкіндік береді. Әрине мамандық таңдағанда маманға тек қана білім мен іскерлігі ғана емес, сондай-ақ анық қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды. Мұндай ақпараттарды қайдан алуға болады? Өз мамандығы туралы кәсіби маман ғана жақсы айтып бере алады. Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрлі қосылып отырады екен. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12% қайтадан өз орнына оралады екен.

**Гәкку ЕЛУБАЙ,**  
Ж-17қ тобының студенті

Мамандық таңдаудың оңай жұмыс еместігін, мамандықты темпераментке сай таңдау керектігін, тіпті, әлемдегі ең қауіпті мамандық тізімін де айтып өттік. Қазір мектеп түлектері ҰБТ сынағын бітіріп, оқу орны мен мамандықтарын қызу таңдау үстінде болар. Мамандық таңдау деген өзін айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін органы да таңдау. Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек. "Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" деген. Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдауды жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

**Асхат ЖАУАР,**  
Ж-17қ тобының студенті

Многотиражная  
газета "ПАРАСАТ"

**Собственник**  
Северо-Казахстанский  
государственный  
университет  
имени М. Козыбаева

Выходит 1 раз в месяц

**Руководитель  
медиацентра**  
Зияда Базарбаева  
**Редактор**  
Богдан Петров  
**Фотокорреспондент**  
Ринат Шамшутдинов  
**Компьютерная верстка**  
Рустам Ибраев

Свидетельство  
о постановке  
на учет

№13400-Г выдано  
Министерством культуры  
и информации РК  
от 25 февраля 2013 года

Адрес редакции

г. Петропавловск,  
ул. Пушкина, 81,  
корпус № 4 СКГУ  
ауд. 307,  
Тел 49-33-43, 11-53/

Номер набран  
и сверстан в редакции  
газеты «Парасат»,  
отпечатан в ИПО СКГУ  
по адресу:

г. Петропавловск,  
ул. Пушкина, 81,  
корпус № 4 СКГУ  
ауд. 113



Заказ №182  
Тираж 100 экз.

## Мағжан Жұмабаевқа - 125 жыл!

### Мағжан – дара ақын

Алаш ардақтыларының бірі Мағжан Жұмабаев - бүгінгі күннің өшпес мұрасын жасаушы. Мағжан тудырған әрбір маржан сөз келешек ұрпақты дұрыс жолға жетелеуге бағыттайды. Сәбит Мұқанов айтқандай, «Абай – ақылдың ақылы, Мағжан – ақынның ақыны».

Ақын Мағжанның қай өлеңі болмасын әлеуметтік тақырыпта жазылып, ағартушылық, ұлт-азаттық бағытты ұстанды. Абай поэзиясының мән-мағынасын түсінген ақын Абайды бірден «хакім» деп таныды. Қазақтың бас ақынының «мың жыл жұтса дәмі кетпес» сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты.

Сондай-ақ алдаспан ақын Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты.

Өзінің қысқа ғұмырында Жұмабайұлы қазақ арасында қоғамдық маңызы бар мәселелерді өткір талқылады. Оған ақынның «Шын сорлы» атты өлеңі дәлел бола алады.

«Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,



*Қар борап соққан желмен, қылып егес.*

*Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар, Жылы үйде байлар жатыр, уайым жемес», - өлең жолдарында бай мен кедейдің жағдайын сынға алады. Ал «Ләззат қайда?», «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Балалық шақ», «Қазағым», «Осы күнгі күй», «Мен сорлы» өлеңдерінде қараңғы халықты өнер-білімге шақырады. Мәселен:*

*«Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің.*

*Құл болдың қара табан енді малсыз.*

### Мағжан әлемінің мәңгі сөнбес алауы

Ғасырлар қойнауынан тартқан бай тарихы, сан-салалы дәстүрі, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу – кез-келген дарынды деген қаламгерлердің оңтайына келе бермес зор іс. Ақын-жазушының баршасы дарынды бола бермейтіні секілді, әр дарын халықтың сөз өнеріне айтарлықтай соңы сүрлеу қоса алмасы хақ. Қазақтың атын барша әлемге танытып жүрген Мағжан Жұмабаев ағамызға биыл 125 жыл толып отыр. Мерейлі жасын бүкіл түркі елі тойлауда. Ақиық ақын туралы ауыз толтырып айтар сөз қаншама. Мағжан жәй ақын емес, халқымен бірге қуанып-күйінетін ержүрек, қалам иесі.

«Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,

Қар борап соққан желмен қылып егес. Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар, Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес.» - деген өлең жолдары ақын жүрегі ауыртып, тамағын қыршып шыққан ащы шыдығы еді. Өздеріңіз ойлап көріңіздерші, ол заманда «сөз бостандығы», «не айтсам да өз аузым» деген түсінік те, еркіндік те болмаған. Соған қарамастан «Мен осыны айтпасам халқымды сатқан болам» дегендей қанша жанашырларымыз, шындық үшін зардап шекті. Соладың бірі, есімі жүрегімізді жігерлендіретін Мағжан Жұмабаев. Түрік елінің төрінде кішкентай қыз қазақ тілінде ақының өлеңін оқығанда, мақтаныштан, қуаныштан жүрегі шығып кетердей болып, қанша жанардан жас

ақаны баршамыздың есімізде болар. Мағжан тек қазақ емес, қазақ пен қатар бүкіл әлем таныған ақын. Ұрпақтар жадында мәңгі жаңғырар Мағжанның әрбір өлеңі, прозасы, поэмалары шаң басқан архивтардан емес, оқырманның күнделікті қолынан түспесі анық. Ақын қазақтан, жастар-дан зор үміт күткен көздерінде от ой-нар, мен жастарға сенемін деп жырлап кеткен Мағжан ағамыздың шығармашылығын оқып таныған бүгінгі жас ақын салған дәстүрдің шамын өшірмей келеді. Қалай өпсін? Ол жәй шам емес, мәңгі жанып тұрар алау емес пе?!

*Диана БӘКИРОВА,  
Аяулым ҚАБЛАШ,*

*ҚЖ-15 тобының студенттері*

#### Құрметті оқырмандар!

«Парасат» медиаорталығы баршаңызды ынтымақтастыққа шақырады! Егер сіз шығармашыл адам болсаңыз және өзіңіздің талантыңызды барлық университетке көрсеткіңіз келсе, онда қызықты адамдар мен оқиғалар туралы өлеңдер, әңгімелер жазыңыз, фотосуреттерге жарқын оқиғаларды түсіріңіз және [gazeta.parasat@mail.ru](mailto:gazeta.parasat@mail.ru) электронды поштасына жіберіңіз немесе 4 оқу ғимаратының 307 кабинетіне әкеліңіз!

Қосымша ақпарат 8-707-929-70-56 телефон нөмірі бойынша (газет редакторы Богдан Петров)

**Біз сізді күтеміз!**

#### Дорогие читатели!

Медиацентр «Парасат» приглашает к сотрудничеству! Если вы люди творческие и хотите проявить свои таланты и чтобы о них узнал весь университет, то пишите рассказы об интересных людях и событиях, сочинения, стихотворения, снимайте на фото яркие события и отправляйте все это на нашу электронную почту [gazeta.parasat@mail.ru](mailto:gazeta.parasat@mail.ru) или приносите в 307 аудиторию 4 корпуса!

Подробности по телефону 8-707-929-70-56 (редактор газеты Богдан Петров)

**Мы ждем вас!**